



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Ұлттық Банк Ақша-кредит саясатының стратегиялық мәселелері бойынша
ғылыми-практикалық конференцияға қатысуға өтінім қабылдауды аяқтайды

2023 жыл, 29 наурыз

Астана қ.

Ұлттық Банк «Ақша-кредит саясатының стратегиялық мәселелері. Жаңа экономикалық шынайылықтың сын-қатерлері» ғылыми-практикалық конференциясына қатысуға өтінім қабылдауды аяқтайды. Конференция **2023 жылдың 25 сәуірінде Алматы қаласында** өтеді.

Іс-шара бағдарламасында келесі тақырыптық бағыттар бойынша баяндамалар мен талқылаулар қамтылады:

- Ақша-кредит саясатының ұзақ мерзімді стратегиясы:
 - Қазақстан экономикасы үшін инфляция бойынша оңтайлы мақсат
 - инфляция бойынша мақсатты қалыптастырудың оңтайлы сипаттамалары
- Жаңандық үрдістер және олардың Қазақстандағы инфляциялық процестерге әсері
- Қазақстандағы ішкі инфляцияның сипаты және оның факторлары;
- Макроэкономикалық үйлестіру: Қазақстандағы ақша-кредит, фискалдық және макропруденциалдық саясаттардың өзара әрекеттесуі

Конференцияда Ұлттық Банктің, халықаралық ұйымдардың және академиялық қоғамдастықтың ақша-кредит саясатының өзекті мәселелері бойынша жүргізген зерттеу нәтижелері ұсынылады.

Ұлттық Банк **жоғары оқу орындары** (профессорлық-оқытушылық құрам, докторантура, магистратура студенттері) мен зерттеу орталықтарының зерттеушілерін Конференцияға қатысуға шақырады. Қызығушылық танытқан жағдайда **2023 жылдың 30 наурызына дейін** өтінімді (1-Косымша) зерттеу жұмысымен бірге akerke.kulshanova@nationalbank.kz электронды пошта мекенжайына «Конференцияға қатысуға өтінім» деген белгімен жіберуді сүрайды. Қаралымға аяқталған және жұмыс барысындағы зерттеулерді жіберуге болады. Конференцияда баяндама жасау үшін таңдалған авторларға алдын ала хабар беріледі.

БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77-52-10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz

«Ақша-кредит саясатының стратегиялық мәселелері.
Жаңа экономикалық шынайылықтың сын-қатерлері»
тақырыбындағы ғылыми-практикалық конференцияға қатысуға берілетін өтінім
формасы.

Тегі, аты, әкесінің аты	
Жоғары оқу орны немесе зерттеу орталығы	
Қатысушының статусы (оқытушы, магистрант, докторант, зерттеуші)	
Зерттеу тақырыбы	
Байланыс телефоны	
E-mail	